

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларына тартылған тұлғалар туралы» № 2-3 нысанды есепті және «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларына тартылған тұлғаларды есепке алу карточкасы» № 2-3 карточканы және оларды толтыру бойынша Нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2011 жылғы 26 қаңтардағы № 13 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 28 қазандағы № 129 бұйрығы «Нормативтік-құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 40-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заңының 11-бабы 4-1) тармақшасын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2011 жылғы 2 ақпанда № 6794 санымен тіркелген (2011 жылғы 7 қазандағы № 11 Қазақстан Республикасының орталық атқару және өзге мемлекеттік органдар актілерінің жиынтығында жарияланған) «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларына тартылған тұлғалар туралы» № 2-3 нысанды есепті және «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларына тартылған тұлғаларды есепке алу карточкасы» № 2-3 карточканы және оларды толтыру бойынша Нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2011 жылғы 26 қаңтардағы № 13 бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) осы бұйрықтың к о ш і р м е с і н :

- 1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне;
 - 2) құқықтық статистика және арнайы есепке алу мүдделі субъектілері мен Комитеттің аумақтық органдарына мәлімет үшін;
 - 3) «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдасын.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Комитет Төрағасына жүктелсін.
4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Бас Прокуроры

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
А.Дауылбаев